

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті 2024 жылғы 22 мамырда «**Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай**» халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Конференцияның мақсаты: Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетовтың өмір жолын жан-жақты және тереңірек қарастыру, оның әскери-теориялық және рухани мұрасын одан әрі зерделеу, жастар мен әскери қызметкерлер арасында Қазақстанның тарихы мен баға жетпес мұрасына қатысты патриоттық сезімі, азаматтық ұстанымдарын дұрыс қалыптастыру.

Конференцияда келесі мәселелер қаралады:

1. Соғыс және әскери өнер тарихы: Кеңес Одағының Батыры С.Қ.Нұрмағамбетовтың жауынгерлік жолын үлгі ретінде заманауи тәжірибеде зерделеу.

2. Қазақстанның әскери тарихындағы тұлғаның рөлі.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихы. Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетовтың қазақ әскерінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі.

4. Әскери істегі өзекті мәселелер және оның болашағы дамуы.

Уақытты тиімді пайдалану мақсатында конференцияны пленарлық отырыс форматында өткізу жоспарлануда.

Конференция материалдары жинақ ретінде шығарылады.

Конференцияға қатысушыларды тіркеу 2024 жылғы 22 мамырда сағат 09.00-ден 10.00-ге дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің фойесінде жүргізіледі.

Конференцияның басталуы: сағат 10.00.

Конференцияда қолданылатын тілдер: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияны өткізу орны: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 72, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті.

Қатысу шарттары.

Конференцияға қатысу үшін **2024 жылғы 13 мамырға** дейін ұйымдастыру комитетінің электрондық мекенжайына қатысуға өтінім мен баяндаманы жіберу қажет: admin@nuo.kz, полковник Аманбаев Е.Н. (ішкі тел. 12-062), қалалық байланыс тел. - 87172 600945, немесе университеттің пошта мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 72, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті, факс: 8 (7172) 60-08-60.

Конференцияны ұйымдастыру комитеті